

**Маңғыстау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 9/72 "**  
**Маңғыстау ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін**  
**мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт**  
**және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен**  
**коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша**  
**әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасы мен мөлшерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс**  
**енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 7/52 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 желтоқсанда № 4653-12 болып тіркелді

Маңғыстау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Маңғыстау ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету Қағидасы мен мөлшерін бекіту туралы" Маңғыстау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №9/72 шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26077 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімге қосымшада:

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

" 2. Әлеуметтік қолдауды тағайындау уәкілетті орган – "Маңғыстау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маңғыстау аудандық мәслихатының төрағасы*

*Е. Махмутов*